



ҚАУЛЫ

22 сәуір 2021 ж.

Ақтау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 8

город Актау

Маңғыстау облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын күшейту туралы

Маңғыстау облысының тұрғындары арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі- COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 104-бабының 2-ші және 3-ші тармақтарына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67, 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68, 2021 жылғы 5 наурыздағы №10, 2021 жылғы 25 наурыздағы №12, 2021 жылғы 12 сәуірдегі №13, 2021 жылғы 13 сәуірдегі №14 қаулыларын басшылыққа ала отырып, тұрғындар арасында коронавирустық инфекцияның тіркелуін ескере отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Маңғыстау облысының аумағында эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін шаруашылық және (немесе) өзге де қызметпен және халықтың тыныс-тіршілігінің ерекше жағдайларымен шектеу шаралары енгізілсін.

Шектеу іс-шараларының режимі мен мерзімдері облыс аумағында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуы бойынша ахуалдың өзгеруіне сәйкес қайта қаралуы мүмкін.

2. Облыстың аудандар мен қалалар әкімдеріне, мемлекеттік органдарға және ұйымдарға, облыстық полиция департаментіне, Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасына және облыстық «Атамекен» ҰКП-на:

1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 13 сәуірдегі №14 қаулысына сәйкес Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық объектілерінің жұмысына шектеулер мен рұқсаттар критерийлерін іске асыру және кәсіпкерлік объектілерінде "Ashyq" мобильдік қосымшасының пилоттық жобасын енгізу арқылы жүзеге асыруды.

Бұл ретте, шектеу шараларын қатаңдату эпидемиологиялық жағдай 5 күн ішінде күрделенген жағдайда («жасыл» аймақтан «сары» аймаққа немесе «сары» аймақтан «қызылға» көшу) жүргізіледі, карантиндік шараларды

жеңілдету «сары» аймаққа «қызылдан» немесе «жасыл» аймаққа «сары» аймақтан «қызыл» аймаққа ауысқаннан кейін 7 күннен кейін жүргізіледі;

2) денсаулық сақтау ұйымдарында, жедел медициналық жәрдем машиналарында, жергілікті атқарушы органдар карантин үшін айқындалған үй-жайларда, сондай-ақ медицина қызметкерлері үйде медициналық көмек көрсету, ошақта эпидемиологиялық тергеп-тексеру жүргізу, науқастардан және байланыста болған адамдардан сұрау және сауалнама алу кезінде аудио, фото және бейне түсірілім жүргізуге тыйым салуды;

3) көпшілік іс шараларды (мерекелік, ойын-сауық, көпшілік мәдени, көрермендермен спорттық, білім беру іс-шараларды, көрмелерді, корпоративті, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу, ауызашар және т. б.), оның ішінде үйде және жаппай адамдар жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге тыйым салуды;

4) букмекерлік кеңселер, бильярд, боулингтер, компьютерлік клубтар, түнгі және ойын клубтары, караоке, банкет залдары қызметіне тыйым салуды;

5) кинотеатрлардың, театрлардың, концерт залдарының жұмысына тыйым салуды;

6) мәдениет объектілері (репетиция) қызметіне тыйым салуды;

7) облысаралық және қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдарға тыйым салуды;

8) облысшілік тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қызметіне тыйым салуды;

9) балалардың ойын-сауық орталықтарының (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар), цирктердің қызметіне тыйым салуды;

10) балаларды сауықтыру лагерлерінің қызметіне тыйым салуды;

11) ас беруді (садақа) өткізуге тыйым салуды;

12) облыстық командалардың (мәдениет, білім және спорт саласында) спортшылардың жеке спорт түрлері бойынша жарыстарға, конкурстарға, олимпиадаларға "қызыл аймақтарда" орналасқан өңірлерге және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуына тыйым салуды.

3. Облыстың аудандар мен қалалар әкімдеріне, мемлекеттік органдарға және ұйымдарға, кәсіпорындарға, Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасына және облыстық «Атамекен» ҰКП-на:

1) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым сала отырып, азық-түлік және азық-түлік емес жабық базарлардың қызметін шектеуге;

2) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, жексенбі күндері жұмысына тыйым сала отырып, азық-түлік және азық-түлік емес ашық базарлардың қызметін шектеуге;

3) сенбі және жексенбі күндері жұмыс істеуге тыйым сала отырып, ішіндегі азық-түлік тауарларын сататын объектілерді, дәріханаларды, егу

пункттерін қоспағанда, сауда және ойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда желілерінің қызметін шектеуге;

4) сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым сала отырып, алдын ала жазылу бойынша спорт кешендері, спорт-сауықтыру орталықтары мен фитнес орталықтарының қызметін шектеуге;

5) мемлекеттік органдар (ұйымдар), ұлттық компаниялар, бизнес-орталықтар және басқа да офистер қызметкерлерінің 80% - ын қашықтықтан жұмыс режиміне және 20%-ын күндізгі жұмыс режиміне ауыстыруды қамтамасыз ету;

6) отыратын орындар санына сәйкес толтыру бойынша қарбалас уақытта жүретін автобустар санын көбейтуімен, жолсеріктің қатысуымен дезинфекциялау құралдарымен өңдеумен соңғы аялдамасында барлық есіктерді ашумен, қоғамдық көліктің жұмысын қайта бастауға рұқсат беруді;

7) 15 баладан аспайтын кезекші топтарын ұйымдастыра отырып, мектепке дейінгі мекемелердің қызметіне рұқсат беруді;

8) алдын ала жазылу бойынша, топты 15 адамнан артық толтырмаған кезде балалардың түзету кабинеттері, балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының қызметіне рұқсат беруді;

9) ортақ вагондарсыз жолаушылар поездарының қозғалысына рұқсат беруді;

10) қоғамдық көлікке, таксиге, әуежайларға, ауладағы балалар алаңдарына, азық-түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізуді;

11) ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда ашық ауадағы аттракциондардың қызметіне рұқсат беруді;

12) алдын ала жазылу бойынша медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология қызметіне рұқсат беруді;

13) 2020-2021 оқу жылының төртінші тоқсанында:

- жалпы білім беретін мектептерде 1 сыныптан бастап 5 сыныпты қоса алғанда, халықаралық мектептерде 1 сыныптан бастап 7 сыныпты қоса алғанда, мектеп алды сыныптарының оқушылары үшін сыныптардағы балалар санын 25 адамнан асырмай аралас форматта оқытуға;

- оқу бітіретін сыныптар (9, 11 (12) сыныптар) үшін аптаның 6 күні ішінде: пәндердің 70%-ын штаттық режимде, 30%-ын қашықтықтан аралас форматта оқытуға рұқсат етуді(сыныпта 15 адамнан асырмай, «1 сынып – 1 кабинет» қағидаты бойынша оқыту, санитариялық-дезинфекциялық және маска режимін сақтау)»;

14) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында 1 курс студенттері санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, қашықтықтан оқыту форматына көшірілсін;

- 15) күшейтілген санитарлық - дезинфекциялық режимді және шахматтық отырғызу тәртібі бойынша әлеуметтік арақашықтықты сақтай отырып, мәдени нысандардың, кітапханалардың, мұражайлардың қызметіне рұқсат беруді;
- 16) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, ұжымдық іс-шараларды өткізбей діни объектілердің қызметіне рұқсат ету;
- 17) сенбі және жексенбі күндері жұмыс істеуге тыйым салу арқылы СПА-орталықтардың, бассейндердің қызметіне рұқсат беруге;
- 18) сұлулық орталықтары мен салондарының, шаштараздардың, маникюр мен педикюр косметологиялық қызмет көрсететін объектілердің қызметіне алдын ала жазылу бойынша рұқсат беруге;
- 19) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, моншалар қызметіне рұқсат беруді;
- 20) сауналар қызметіне сенбі және жексенбі күндерінен басқа күндері рұқсат беруді;
- 21) кеңестерді (отырыстарды) күндізгі режимде өткізуге рұқсат ету (оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда);
- 22) меншік нысанына қарамастан, күшейтілген санитарлық – дезинфекциялық режимнің аймақтарға бөлу талаптарын сақтай отырып, медициналық ұйымдардың қызметіне рұқсат беруді;
- 23) күшейтілген санитарлық – дезинфекциялық режимді сақтай отырып, халықтың тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы ұйымдардың (қонақ үйлер, демалыс үйлері, туристік базалар және т.б.) қызметіне рұқсат беруді;
- 24) толымдылығы 50%-ға дейін бірақ 30 орыннан асырмай қоғамдық тамақтану объектілерінің (үй –жайлардағы) қызметіне сағат 09:00-ден 20:00-ге дейін рұқсат беруді;
- 25) қоғамдық тамақтану объектілері және фудкорттар сағат 09:00-ден 24:00-ге дейін тек жеткізуге және әкетуге жұмыс істеуге;
- 26) супермаркеттер, гипермаркеттер сағат 09:00-ден 23:00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат беруді;
- 27) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда дәріханалардың қызметіне рұқсат беруді;
- 28) күшейтілген санитарлық – дезинфекциялық режимді сақтай отырып, автомобиль жуу, көлік жөндеу, шиномонтаж жұмыстарына және халыққа тұрмыстық қызмет көрсету қызметіне рұқсат беруді;
- 29) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, бизнес орталықтардың (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, жарнама агенттіктері, сот

орындаушылары қызметтері және т.б.) айырбастау пункттерінің, ломбардтардың жұмысын ұйымдастыруды;

30) үздіксіз өндірістік циклі бар өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметіне, ашық ауадағы құрылыс жұмыстарына, ауыл және балық шаруашылығына, мал шаруашылығына Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптарын сақталған жағдайда рұқсат беруді;

31) пенитенциарлық (қылмыстық-атқару) жүйесі мекемелерінде санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауды;

32) өнеркәсіптік кәсіпорындардағы және өндірістік объектілердегі, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істейтін объектілердегі санитариялық-дезинфекциялық іс-шаралар алгоритмін сақтауды;

33) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (оның ішінде ҰҚК Шекара қызметі) және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жеке құрамы (оның ішінде азаматтық персонал) арасында COVID-19-дың таралу тәуекелін азайту жөніндегі алгоритмді сақтауды;

34) әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, 3 адамнан аспайтын топтармен немесе бір отбасы мүшелерінің ойын-сауық объектілері жоқ саябақтарға, аландар мен скверлерге, жағалауларға және халықтың өзге де демалыс орындарына баруға рұқсат беруді;

35) бір мезгілде 30 адамнан артық емес жинала отырып, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтаған жағдайда облыстық командаларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындарын қайта бастауға рұқсат беруді;

36) ашық ауада 5 адамнан аспайтын жеке және топтық жаттығуларға, сондай - ақ Ұлттық құрама және Олимпиадалық резервке арналған спорттық жаттығулар мен жарыстарды көрерменсіз өткізуге, клуб командалары үшін спорттық жаттығуларға (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия қолдана отырып, спорт базаларында тұру) рұқсат беруді;

37) санитариялық – дезинфекциялық режимді сақтай отырып, арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп – интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп – интернаттардың қызметтеріне рұқсат беруге;

38) медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбилер үйлерінде, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарда, мүгедек балаларға арналған, интернат типіндегі оқу орындарында карантинді және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауды қамтамасыз етсін.

Әлеуетті ата-аналар теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерілгені туралы құжатты ұсынған кезде жетім балаларды одан әрі асырап алу, қорғаншылықты, қамқоршылықты белгілеу үшін олармен кездесуге сәбилер үйлері мен балалар үйлеріне баруға рұқсат етіледі.

Теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеру туралы құжатты ұсынған кезде ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының медициналық-әлеуметтік объектілерге баруына рұқсат етіледі.

4. Өндірістік қызметті вахталық әдіспен жүзеге асыратын барлық өнеркәсіптік кәсіпорындар мен компаниялардың басшыларына:

1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67, №68 қаулыларының талаптарына сәйкес шектеу және карантиндік шараларды қатаң түрде орындау.

5. Маңғыстау облысының тұрғындарына:

1) респираторлық инфекцияның алғашқы клиникалық симптомдары (кұрғақ жөтел, жоғары температура, тыныс алудың қиындауы, енгігу және т. б.) пайда болған кезде медициналық ұйымдарға бармай-ақ телефон немесе басқа да байланыс түрлері арқылы немесе 103 нөмірі бойынша "жедел жәрдем" шақыру арқылы тіркелген жері бойынша медициналық ұйымдарға дереу хабарласуға болады;

2) қоғамдық тамақтану орындарында тамақтану кезінде әлеуметтік арақашықтықты сақтай отырып және 5 (бес) жасқа дейінгі балаларды қоспағанда, қоғамдық орындарда, тұрғындардың баруына және демалуына, қызмет көрсетуге арналған орындарда, қоғамдық көліктерде медициналық немесе мата бетперделерді кию міндетті;

3) 65 жастан асқан адамдарға азық-түлік, дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдарды, қажетті тауарларды сатып алуды, сондай-ақ медициналық мекемелерге баруды қоспағанда аса қажеттілік болмаса тұрғылықты жерінен шықпауға ұсыныс беріледі;

4) барлық облыс тұрғындарына халық көп шоғырланатын жерлерге бармауға, әлеуметтік арақашықтықты сақтауға, бетперде кию тәртібін және жеке бас гигиенасын сақтауға ұсыныс беріледі;

6. Маңғыстау облысының «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ мен «Қазпочта» АҚ бойынша филалы, банкілер басшыларына:

1) ҚР БМСД №67 қаулысының 1 қосымшасының талаптарын сақтай отырып, сағат 9:00-ден сағат 18:00-ге дейін халыққа қызмет көрсету орталығының, "Қазпочта" АҚ бөлімшелерінің, банкілердің жұмысын ұйымдастыру.

7. Аудандар мен қалалардың, ауылдық округтердің әкімдеріне туризм субъектілеріне(объектілеріне) оның ішінде демалыс үйлеріне (базаларға, аймақтарға), туристік базаларға, санаториялық-курорттық ұйымдарға, ұлттық табиғи парктерге, ыстық бұлақтардағы демалыс аймақтарына күшейтілген санитарлық - дезинфекциялық және бетперде режимін сақтай отырып, сондай - ақ 50%-дан аспайтын толымдылықпен қызмет етуге рұқсат беруді қамтамасыз етуге:

1) маска режимін және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан аспайтын жеке және ұйымдасқан топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге, қорықтарға, резерваттарға және басқаларға) баруға рұқсат беруді.

8. Маңғыстау облысының инвестиция және туризмді дамыту басқармасына:

1) Маңғыстау облысына шетелден келетін адамдарға қойылатын талаптардың өзгергендігі туралы туроператорларды хабардар етсін.

9. Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасына:

1) еңбек демалысында, іссапарда, науқастануына және басқа да себептерге байланысты күнтізбелік 5 және одан да көп күн бойы жұмыс орнында болмаған жағдайда медицина қызметкерлері, медициналық ЖОО мен медициналық колледждердің студенттеріне медициналық ұйымдарда практика алдында медициналық ұйымдарда теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеру туралы құжатты ұсынған кезде медициналық ұйымдарға кіруге рұқсат етіледі.

10. «Қазақстан темір-жолы - Жүк тасымалы» ЖШС –Маңғыстау бөлімшесі филиалы, Маңғыстау бөлімшелік көліктегі санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармаларының басшыларына қамтамасыз етуге:

1) COVID-19-дің әкелуін және таралуын алдын алу бойынша эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға.

11. Ақтау халықаралық әуежайының басшысына:

1) ішкі авиарейстермен Маңғыстау облысына кіретін барлық адамдарға термометрия жүргізуді;

2) әрбір рейстен кейін әуе кемелеріне ағымдағы профилактикалық дезинфекциялауды жүргізуді;

3) тіркеуден өту, әуе кемесіне отырғызу және түсіру кезінде жолаушылар арасында қауіпсіз қашықтықты (кемінде 1 метр) және маска режимін сақтауды;

4) тұрақты және чартерлік рейстердің жолаушыларын түсіруге және отырғызуға тартылған әуежай терминалдарының барлық үй-жайларына ағымдағы профилактикалық дезинфекциялауды жүргізуді;

5) ішкі рейстермен Маңғыстау облысына келетін жолаушылардың контактісіз термометриясына арналған қосымша стационарлық тепловизорлар орнатуды қамтамасыз ету.

12. Авиакомпания басшыларына:

